

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
**ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
БАСҚАРМАСЫ**
ЗАҢДЫ ҮЙІМІ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУДЕН
2017 ж. «13» 02
ӨТКІЗІЛДІ
№ 2139-1926-01-МҚ куәлік

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ
ӘДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ
**ОРАЛ ҚАЛАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ
БАСҚАРМАСЫ**
170240015088 БСН

«Бекітілді»

Орал қаласы әкімдігінің

«02» 11 2016 жылғы

№ 3954 қаулысы



**Орал қаласының білім беру бөлімінің
«Оқушылар сарайы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорыны
Жарғысы**

Орал қаласы
2016 жыл

Бөлімдер

1. Жалпы ережелер
2. Кәсіпорын қызметінің мақсаты, мәні және түрі
3. Кәсіпорын құқығы
4. Кәсіпорын міндеттері
5. Кәсіпорындағы оқу-тәрбиелік, ғылыми-әдістемелік, зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуы
6. Кәсіпорынның мүлкі мен қаражаты
7. Кәсіпорынды басқару
8. Құрылтайшының құзыреті
9. Өкілетті органның құзыреті
10. Еңбек және оның төлемі
11. Бағалар және бағаны қалыптастыру
12. Есеп және есеп беру
13. Халықаралық ынтымақтастық
14. Құрылтайшы құжаттарын өзгерістер мен қосымшалар енгізу.
15. Кәсіпорын қызметінің тоқтатылуы, оның жауапкершілігі

I. Жалпы ережелер

1. Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, одан әрі кәсіпорын, мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып құрылады.
Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны түрінде қызмет етеді.
2. Кәсіпорын құрылтайшысы болып Орал қаласының әкімдігі табылады.
3. Кәсіпорынның өкілетті органы болып Орал қаласы білім беру бөлімі табылады.
4. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Конституциясымен, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметі бекіткен Заңдар мен нормативтік - құқықтық актілер, облыс, қала әкімінің шешімдері мен жарлықтары, өкілетті органның бұйрықтары және Жарғы негізінде әрекет етеді.
5. Кәсіпорын атауы қазақ тілінде: Орал қаласының білім беру бөлімінің «Оқушылар сарайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны, орыс тілінде: Государственное коммунальное казенное предприятие «Дворец школьников» отдела образования города Уральска.
6. Кәсіпорын Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әкімдігінің 2016 жылдың 2 желтоқсанындағы №3954 қаулысы негізінде құрылды.
7. Кәсіпорын бөлімшелерінің және оның құрылымдық бөлімдерінің құрылуы құрылтайшы шешімі негізінде жүзеге асырылады.
8. Кәсіпорын толық құқығы бар, Заң және Жарғы негізінде әрекет ететін заңды тұлға болып есептеледі. Мекеменің мөрі, штампы, банктерде шығыс және т.б. есебі, өзіндік балансы бар.
Мемлекеттік заңды тұлғаның түрі: мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын.
9. Кәсіпорынның заңды мекен-жайы: 090002, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 145 .

II. Кәсіпорын қызметінің мақсаты, мәні және түрі

10. Кәсіпорынның негізгі мақсаты мемлекеттік саясаттың өз аумағымызда, белгілі бір компетентті шеңберде, білім және құқықтар мен нормативті құжаттарда жүзеге асырылады.
11. Кәсіпорынның іс-әрекет шаралары болып табылады:
 - 11.1. Білім беру саласындағы өндірістік-шаруашылық әрекет;
 - 11.2. Балалармен, мекемелермен және кәсіпорындармен оқу, ғылыми-техникалық, білімдік, мәдени-ағартушылық, шығармашылық, бұқаралық спорт, ұйымдастырушылық іс-әрекеттер.
12. Кәсіпорын қызметінің түріне үйірмелерді ұйымдастыру арқылы қосымша білім берудің қызметін ұсыну болып табылады: музыкалық-эстетикалық бағыт, техникалық шығармашылық, көркем-қолданбалы шығармашылық, пәндік, спорттық-бұқаралық бағыт, әлеуметтік-қоғамдық бағыт.

III. Кәсіпорын құқығы

13. Кәсіпорын құқылы:

13.1. Кадр таңдауға, өз қызметін жоспарлауға, оқу-әдістемелік база жасақтауға;

13.2. Кәсіпорын келісім негізінде қосымша ақылы қызмет көрсетуге құқылы (қосымша білім берудің ақылы үйірмелерін ұйымдастыру, білім беру, мәдени, бұқаралық және спорттық шараларды өткізу);

13.3. Кәсіпорын қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының Заңнамаларына сәйкес келісім шарт негізінде Құрылтайшы шешімі арқылы жалға қызмет көрсетеді.

IV. Кәсіпорын міндеттері

14. Өкілетті органының бекіткен жоспары мен бағдарламасына сай Кәсіпорын міндетті:

14.1. ҚР «Білім туралы» және мемлекеттік білім стандарттарына сай кәсіпорын білім үрдісін ұйымдастырылған және ғылыми-әдістемелік жоғары деңгейде жүзеге асыруы тиіс.

14.2. Оқу үрдісінде білім алушыларға білім мен тәрбиені қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде өз мүмкіншіліктеріне сай қамтамасыз етуі тиіс.

14.3. Кәсіпорын білім алушыларға оқу-материалдық қызмет көрсетуі тиіс.

14.4. Кәсіпорын бекітілген тәртіпке сай өкілетті органда белгіленген Заңға сәйкес қаржы және статистикалық есеп беруге, қазақ және орыс тілдерінде іс жүргізуге міндетті.

14.5. Кәсіпорынның өз қызметінің мақсатына қатысы жоқ қызметті жүзеге асыруына, мәмлелер жасауына жол берілмейді.

V. Кәсіпорындағы оқу-тәрбиелік, ғылыми-әдістемелік, зерттеу жұмыстарының ұйымдастырылуы

15. Кәсіпорынның оқу бағдарламалары, жоспарлары, әдістемелері, оқу және тәрбие үрдістерін ұйымдастыру белгілі бір педагогикалық негіздерге сүйене отырып құрылады.

16. Балалар ұжымын жинақтау белгілі бір тәртіпке негізделеді. Ұжымның құрамдық саны ғылыми педагог-психологтардың кепілдемелеріне сай оқушылардың жасына, айналысатын істеріне байланысты директордың шешімімен құрылады. Әрбір оқушының өзі қалаған үйірмеге қатысуына және оны бір жыл ішінде өзінің мақсаты мен қызығушылығына, өзіндік дамуына байланысты ауыстыруына толық құқығы бар. Оқушылардың қозғалысы есеп журналында тіркеледі. Оқушылардың спорттық, спорттық-техникалық, хореографиялық үйірмелерге қатысуы үшін оқушылардың денсаулығы мен медициналық қорытындылары міндетті түрде қажет.

17. Кәсіпорынның педагогтары мен білім алушыларының негізгі қызметтері мен білімдері бір жас шамасындағылар мен әр түрлі жас шамасындағылар арасында өз қызығушылықтарына сай жүзеге асырылады (топ, үйірме,

секция, клуб, студия, ансамбль). Кәсіпорынның оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру уақыты 45 минутты құрайды.

18. Апталық жұмыс уақыты мен кәсіпорын жұмысшыларының ішкі тәртібі Орал қаласы әкімшілік бюджеттік бағдарламасы бойынша өкілетті органмен келісіліп, кәсіпорын директоры арқылы бекітіледі.

19. Кәсіпорын оқушылармен жұмысты күнтізбелік жыл бойы ұйымдастырады. Демалыс кезінде кәсіпорын ұжым қызметімен қатар, бос уақыттары мен демалыстарын мүмкіндігінше жақсы өткізу мақсатында басқа да оқушылармен және олардың ата-аналарымен жұмыстарды жүзеге асырады.

20. Кәсіпорында ұжым жұмысының бағыттарын педагог қызметкерлердің педагогикалық шеберлігін арттыруға, мектептер мен басқа да оқу-тәрбие мекемелерінің педагогикалық ұжымдарына мектептен тыс жұмыстар жүргізуге көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстар жүргізіледі.

21. Кәсіпорын қалада көпшілік жұмыстарды ұйымдастырумен айналысады. Бос уақытты тиімді өткізу қызметінің қазіргі заманғы формаларын іздестіруді қамтамасыз етеді. Түрлі ойын-сауық, ата-ана мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа, жақсы демалуға қажетті жағдай туғызады. Әлеуметтік маңызды ұсыныстар мен қозғалыстарды қолдайды. Кәсіпорын қоғамдық ұжымдармен, жанұялармен, түрлі саладағы мектептен тыс мекемелермен көпшілік шараларды ұйымдастырғанда тығыз қарым-қатынаста болады.

VI. Кәсіпорынның мүлкі мен қаражаты

22. Кәсіпорын мүлкі мемлекеттің меншігі болып табылады.

23. Кәсіпорын мүлкі, сонымен қатар құны кәсіпорын балансында көрсетілетін басқа мүлік негізгі қорды құрайды.

24. Заңнамамен бекітілген жарғылық қызметті қамтамасыз ету негізінде мүлік кәсіпорынға тиесілі болады. Кәсіпорын иемдену, қолдану құқығын толық жүзеге асырады.

25. Кәсіпорын мүлкі төмендегілер есебінен қалыптасады:

25.1. Оған берілген меншік мүлкі;

25.2. Өз жеке қызметтері нәтижесінде алынған мүлік (соның ішінде ақшалай табыстар);

25.3. Заңнамалармен тыйым салынбаған басқа да табыс көздері.

26. Кәсіпорын мүлкінің құрамына оның қызметтеріне арналған барлық мүлік түрлері кіреді, соның ішінде ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, мүлік, көлік және жер учаскесіне құқық.

27. Кәсіпорын сату-сатып алу, ауыстыру, сыйға беру туралы келісімшарттар немесе мүліктің басқа да мәмлелері негізінде негізгі қорға жататын мүлікті оқшаулауға және алуға, өкілетті органның рұқсатынсыз банк несиелерін пайдалануға құқығы жоқ.

28. Кәсіпорынның қаржылық қаражатының көздері болып төмендегілер табылады:

28.1. Қаржылық қызмет негізінде алынған қаражаттар, соның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша.

28.2. Заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен құрбандықтары.

28.3. Заңнамамен тыйым салынбаған басқа да табыс көздері.

29. Кәсіпорын үшін мемлекеттік тапсырысты орындау міндетті. Мемлекеттік тапсырыс кәсіпорынға қолданыстағы Заңнамамен белгіленген өкілетті органмен жеткізіледі.

30. Кәсіпорын Жарғыға сәйкес ҚР заңнамаларына сай қызмет көрсету есебінен, кіріс әкелетін әрекеттермен айналыса алады.

31. Осы қызметтен түскен кірісті бөлу тәртібін Кәсіпорын ҚР заңнамаларына сәйкес анықтай алады.

32. Ақылы қызмет көрсетуші Кәсіпорынмен тәрбиеленушінің, оның ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдердің қарым-қатынасы білім деңгейін, оқу мерзімін, оқуға төленетін ақы көлемін айқындайтын келісімшарт арқылы тәртіптеледі.

33. Кәсіпорын қызметтері өкілетті орган бекіткен смета бойынша қаржыландырылады және оның табыс бөлігі бюджеттік және бюджеттен тыс көздерден тұрады.

34. Сметадан жоғары көлемде алынған кәсіпорын табысы тиісті бюджетке аударылады.

VII.Кәсіпорынды басқару

35. Кәсіпорынның директоры конкурс немесе ауыстыру негізінде тағайындалады.

36. Кәсіпорын директоры өкілетті орган алдында кәсіпорындағы істердің ахуалына жауапты.

37. Кәсіпорын директоры кәсіпорындағы сыбайлас жемқорлықпен күресу жұмысының жағдайын жеке өзі жауапкершілікке алады.

38. Директор Кәсіпорын атынан Заңнамаға сәйкес қолхатсыз әрекет етеді, Кәсіпорын мүлкін белгіленген тәртіпке сай қолданады, келісімшарттар жасайды, сенімхаттар береді, банктерде есеп шоттарын ашады, бұйрықтар мен жарлықтар шығарады, іс-қағаздарға бірінші қол қою құқығына ие болады, жұмысшыларды қызметке алады және қызметтен босатады, құрылым бөлімдерінің басшыларын тағайындайды және т.б. міндеттерді орындайды. Директор өкілеттілігінің кейбір бөліктерін өз қарамағындағы қызметкерлерге тапсыра алады.

39. Директор орынбасарларын, бас есепшіні кәсіпорын директоры өкілетті органмен келісіп тағайындайды және қызметтен босатады.

40. Орынбасарлардың құзыреттері мен қызметкерлердің функционалдық міндеттері Заңнамаға сәйкес директор бұйрығымен анықталады.

41. Кәсіпорындағы оқу-тәрбие үрдісін жедел басқару үшін құрылған директор жанындағы кеңес кәсіпорын педагогтары мен әдістемелік кеңестері, әдістемелік бірлестіктер арасынан құрылады. Бұл бірлестіктердің қызметтері кәсіпорынның жылдық жоспарында белгіленеді.

VIII. Құрылтайшының құзыреті

42. Құрылтайшы кәсіпорын мүлкін қолданыстағы Заңнамаға сәйкес алуға және басқа заңды тұлғалар арасына қайта таратуға құқылы.

43. Кәсіпорынның таратылуы немесе жойылуы құрылтайшы тарапынан қолданыстағы Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

44. Қолданылып жүрген Заңдарға сәйкес жұмыстанады.

IX. Өкілетті органның құзыреті

45. Өз құзыреті шегінде Кәсіпорынның оқу-тәрбие үдерісінің мазмұны деңгейіне кезеңдік бақылауларды ұйымдастырып, өткізеді.

46. Қолданылып жүрген Заңдарға сәйкес жұмыстанады.

X. Еңбек және оның төлемі

47. Кәсіпорындағы әкімшілік қызметкерлерімен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек заңдары мен жарғы негізінде анықталады.

48. Кәсіпорынның еңбек төлемінің қоры өкілетті органның шоғырландырылған қаржы есебі арқылы келісіледі.

49. Мемлекеттік тапсырысты орындауға қатысатын қызметкерлерінің еңбегінің төлемі кәсіпорын жұмысшыларының еңбек төлемін реттейтін нормативтік-құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

50. Кәсіпорын қызметкері өз қызметін кәсіпорын директоры бекіткен лауазымдық міндеттермен сәйкесті жүзеге асырады.

51. Кәсіпорынның штаттық кестесі өкілеттік органның келісуімен кәсіпорын директоры арқылы бекітіледі.

52. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдау келісімшарт, лауазымға тағайындау негізінде, ал лауазымдық қызметтен босату Заңнамаға және келісімшарт шарттарына байланысты жүзеге асырылады.

53. Кәсіпорын қызметкерлері ҚР Еңбек туралы Заңнамасында көрсетілген әлеуметтік кепілдіктерді қолдана алады.

54. Еңбек тәртібі еңбек заңнамасында көрсетілген кепілдіктерді есепке ала отырып бекітіледі.

XI. Бағалар және бағаны қалыптастыру

55. Кәсіпорын шығарған және сатылатын тауар бағасының құнына (жұмысы, қызметі) өкілетті орган арқылы келісіледі.

XII. Есеп және есеп беру

56. Қаржы-шаруашылық және мемлекеттік бақылауға талдау жасау үшін Кәсіпорын заңнамаға сәйкес өз қызметінің бухгалтерлік, статистикалық есеп беру нәтижелерін жүзеге асырады.

57. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне өкілетті орган және т.б органдар бақылау жасайды.

XIII. Халықаралық ынтымақтастық

58. Кәсіпорын халықаралық ынтымақтастықты мемлекеттік тапсырыс негізінде жүзеге асырады.

59. Басқа жағдайларда Кәсіпорын халықаралық келісімдер мен байланыстарды өкілетті органының рұқсатымен жүзеге асырады.

XIV. Құрылтайшы құжаттарын өзгерістер мен қосымшалар енгізу.

60. Жарғыға өзгеріс енгізу педагогикалық кеңес шешімімен жүзеге асырылады және құрылтайшымен бекітіледі.

61. Жарғыдағы өзгертулер мен қосымшаларды енгізу әділет органдарына тіркелген соң күшіне енеді.

XV. Кәсіпорын қызметінің тоқтатылуы, оның жауапкершілігі

62. Кәсіпорын, оның жауапкершілігі:

62.1. Кәсіпорын өз билігіндегі ақшалар, міндеттемелер бойынша жауап береді. Жойылу жағдайынан басқа жағдайларда кәсіпорынның қалған мүлкіне өндіріп алу жүрмейді.

62.2. Кәсіпорын қызметінің тоқтатылуы тарату, және жойылу арқылы жүреді. (қосылу, бірігіу, бөліну, қайта құру)

62.3. Таратылу кезінде кәсіпорын мүлкі, құқықтары мен міндеттері ҚР Заңнамасымен белгіленген тәртіпте оның құқық иеленушісіне ауысады.


62.4. Жойылған Кәсіпорынның мүлкі мен ақша қаражаттары кредиторлардың заңды талаптары қанағаттандырылғаннан кейін меншік иесімен таратылады.

62.5. Жойылғалы тұрған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандыруы үшін мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда соңғысы Кәсіпорын мүлкінің меншік иесінен жеткіліксіз мүлікті сот арқылы өндіріп алуға құқылы.

62.6. Мемлекеттік тіркелімге жазба түсірілген сәттен бастап Кәсіпорынның жойылуы аяқталған, ал кәсіпорын өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

Орал қаласының білім беру бөлімінің

«Оқушылар сарайы» МКҚК директоры:


С.Ж.Алманбетова